

Катонқарағай ауданы әкімдігінің қаулысын күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданының әкімдігінің 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 6 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 26 қаңтарда № 8362 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 - бабының 2 - тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 - бабына, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы, мемлекеттік басқару жүйесін, бюджетаралық қатынастарды жетілдіру, кредиттеу және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңының 1 - бабы 19 - тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Катонқарағай аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Катонқарағай ауданы бойынша мектепке дейінгі ұйымдары тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттары үшін тегін тамақтандыру ұйымдастыру туралы" 2019 жылғы 9 желтоқсандағы № 497 Катонқарағай ауданы әкімдігінің қаулысы (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6384 болып тіркелген, 2019 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік - құқықтық актілерді электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Катонқарағай аудан аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Катонқарағай аудан әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК